



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Инфляцияның мақсатын нақтылау туралы

2023 жыл, 5 шілде

Астана қ.

Қазақстан Ұлттық Банкі инфляцияның ортамерзімді мақсаты нақтыланғанын хабарлайды. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі ақша-кредит саясаты стратегиясына тиісті өзгерістер енгізіледі.

Инфляция мақсатының форматы интервалдық мәннен – нүктелік (нақты) мәнге өзгерді. Бұған дейінгі аралық мәндер 2023-2024 жылдарға 4-5%, 2025 жылдан бастап 3-4% аралығында болған еді. Ортамерзімді перспективаға арналған инфляция бойынша нысаналы бағдар жылдық инфляцияны **5%-ға жуық** көрсеткішінде ұстауға қолдау көрсетеді.

Мақсатты тұжырымдаудағы дәйектілік пен бірмәнділік инфляция мен күтулерді 5%-ға жақындатуға ықпал етеді.

Инфляцияның мақсатын нақтылау орындылығы халықаралық тәжірибемен және халықаралық сарапшыларды қоса алғанда, Ұлттық Банктің өзінің де, сыртқы сарапшылардың қатысуымен жүргізген зерттеулерімен де расталады.

Инфляцияның жаңартылған мақсаты экономикалық шолудың [арнайы шығарылымында](#) жарияланған Қазақстандағы таргеттің оңтайлылығы жөніндегі зерттеулердің нәтижесі бойынша алынған диапазонға сәйкес келеді.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 775 210

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)